



«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ
НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.
АСФЕНДИЯРОВА»

Стратегиялық және корпоративтік
даму жөніндегі проректоры

ПІКІР

Баспа: I

2 беттің I беті

6D074800 - «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандығы бойынша (PhD) философия дәрежесін алуға докторант PhD Айдар Каипович Беркенов «Модифицирленген экидстероидтар негізінде жаңа субстанцияны химиялық жасау» тақырыбы туралы ғылыми кеңесші, ҚР ҰҒА академигі, х.ғ.д., профессор Төлеуов Бораш Игілікұлының

ПІКІРІ


Беркенов Айдар Каиповичтың диссертациялық жұмысы фитоэкидстероидтардың құрылымын модификациялау жолымен физико-химиялық қасиеттері оңтайландырылған жаңа субстанцияны алудың технологиясын жасап шығаруға арналған.

Қазіргі уақытта еліміздің денсаулық сақтау жүйесінде, соның ішінде фармацевтика саласында үлкен, маңызды ертеңгі күні барлық тұрғындар өміріне әсер етуші өзгерістер еніп жатыр. Бұның бәрі дүниежүзілік жаһандануға, мемлекетаралық қауымдастықтардың пайда болуына байланысты заңды құбылыс. Сондай қауымдастықтың біріне Еуразиялық экономикалық одақ (ЕАЭО) жатады.

2017 жылғы 6 мамырда ЕАЭО елдерінде дәрілік заттар айналымына арналған нормативтік базаны ратификациялағаннан кейін, Комиссия мүше мемлекеттермен бірлесіп дайындалған жиырма алты құжат, оның ішінде ЕЭК Кеңесінің жиырма бір шешімімен, төрт шешім және ЕЭК Кеңесінің бір ұсынысы күшіне енді. Алайда, қазірге шейін ЕАЭО төңірегінде көзделген шаралар толығымен айналымға енген жоқ, бірақ оның толық енуі уақыт мәселесі. Бұндай өзгерістер отандық фармацевтикалық препараттар өндірушілеріне және жергілікті дистрибуциялық компанияларға қатаң бәсекелестік жағдайда жұмыс жасауға әкелетіні сөзсіз. Дегенмен, мұндай құрамына алты мемлекет кіретін одақтастық, бірегей дәрілік заттар өндірушілеріне қолайлы жағдай тудырмақ. Сондықтан, PhD докторанты А.К. Беркеновтың көздеген мақсаты көрегендікпен таңдалған, ал оған жетуге қойған міндеттері дұрыс құралған.

Диссертациялық зерттеудің эксперименталды бөлімі БР ҰҒА Минск қаласындағы Биоорганикалық химия институтының стероидтар химиясы зертханасында жасалды. Ғылыми тағылым кезінде әртүрлі заманауи физико-химиялық әдістер мен әдістемелер қолданып зерттеу жұмыстарын жүргізіп қойылған ғылыми мақсаттарға қол жеткізді.

Химиялық құрылымын модификациялау жолымен алынған жаңа кешенді супрамолекулалық субстанциясын зерттеу барысында айқын адаптогенді және актопротекторлы белсенділікке ие, тұрақты және уыттылығы төмен қауіпсіз қосылыс екені дәлелденген. Белсенді субстанцияны өндірудің оңтайлы технологиялық және аппаратуралық сызбаларын құрастырылды.

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТИ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д. АСФЕНДИЯРОВА»	
	Стратегиялық және корпоративтік даму жөніндегі проректоры	ПҚІР

PhD докторанты А.К. Беркенов ғылыми-зерттеу нәтижелерінің қорытындыларын мақалалар мен баяндама тезистері түрінде отандық және шетелдік ғылыми баспаларда, халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция жинақтарында және, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған ғылыми баспаларда жариялаған. Сонымен қатар жоғары импакт-фактормен Scopus база басылымында 1 мақала жарық көрді. Зерттеу нәтижелері бойынша ҚР Әділет министрлінің №99578, 11.10.2016 ж., атауы «Қаратау аюдәрі өсімдігінен *Rhaponticum karatavicum* Regel et. Schmalh антиоксиданттық белсенділігі бар құрғақ экстракт алу тәсілі» атаулы пайдалы модельге патентімен расталды.

Ғылыми зерттеу жұмыстарын жасауда, нәтижелерін жүйелеуде, қорытындылауда, соның бәрін диссертациялық жұмыс ретінде баяндауда PhD докторанты А.К. Беркенов өзінің білімін, дәрілік заттар өндірісінде істеген тәжірибесін және жанжақты мүмкіндіктерін оңтайлы пайдаланды.

PhD докторанты А.К. Беркенов алдына қойған міндеттерін толық орындау арқылы көздеген мақсатын орындады.

Аталып кеткен мәліметтерді ескере отырып, PhD докторанты А.К. Беркеновтың диссертациялық жұмысы барлық талаптарға сай, логикалық түсінікті, жетік тілде жазылған және қойылған мақсат, міндеттер, зерттеу ауқымы мен әдістері, ғылыми жаңалығы мен тәжірибелік өзектілігі 6D074800 - «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне ізденуге қойылатын талаптарға сай, аяқталған ғылыми жұмыс деп санауға болады

Ғылыми кеңесші:
Қарағанды техникалық
университеті, химия және
химиялық технологиялар
кафедрасының профессоры,
х.ғ.д., ҚР ҰҒА академигі



Б.И. Төлеуов

